

## **ҚЫТАЙДА ИСЛАМ ДІНІН ҚАБЫЛДАҒАН ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАР**

Ислам діні VII ғасырда Арабия түбегінде пайда болып, кейіннен кең көлемді құшақ жайып дамыды. Бұл кезде Қытай тарихының «алтын дәуірі» деп саналатын Таң патшалығына да исламның өзіндік әсері тиді. Ислам діні Қытайға ену барысы салыстырмалы түрде қарағанда қан төгіссіз бейбітшілдік тұрғыда таралған. Таң және Сұң патшалығы кезеңі ислам дінінің Қытайға ене бастаған кезеңі. Кейіннен Жин, Юань патшалығы кезінде ислам діні жақсы дамушылыққа ие болды. Ал Миң, Цин патшалығы тұсында тоқыраушылыққа ұшырайды, бұл да болса Қытай елінің ислам дініне деген принциптерінің өзгере бастауын айғақтайды [1].

Миң патшалығының орта шенінде ислам дінінің Қытайдағы жағдайы түбегейлі өзгерді, жалпы мұсылмандардың әлеуметтік жағдайлары Юань патшалық кезінен басқаша болды. Біріншіден дүнген ұлтының саяси сахнадағы мәртебесінің құлдырауы, олар Юань патшалығы кезінде екінші дәрежелі ұлт болса, ал Миң патшалығы кезінде қаналушы тапқа айналды. Дүнгендердің саясат, экономика, мәдени принциптері өзгеше мемлекет басқару жолына өтеді, дүнгендердің саяси мәртебелерінің күрт құлдырауы өмір сүрудің өзін қиындыққа соқтырды. Дүнгендердің ислам дінді негіз етіп және де ислам діні Дүнгендердің басқа ислам дініне сенетін ұлттардың ауызбіршілігінің, ынтымағының жібегі болды. Екіншіден, Миң патшалығы кезінде Миң билеушілері экономикада «ауылшаруашылықты көтеру» саясатын ұстанды. Бұл дүнгендердің саудадағы үстемдік шеберлік құнының жойылуына әкелді, осылайша олардың экономикалық күш-қуаты мен қоғамдағы орны жағынан күрт құлдырауға әкелді. Үшіншіден, кең аймақта таралған, бірақ азын-аулақ кіші шоғырлану жағдайы кең көлемде орналасқан ұлттар арасындағы байланыстардың үзілуіне әкелді, бұнымен қоса Миң патшалығының өзге ұлт ара үйленуге тиым салу әсерінен дүнгендер қытай тілін ортақ тіл ретінде қолданды. Бұрын қолданыстағы әр ұлттардың өз тілдерінің құны кетіп жойыла бастады. Төртіншіден, ислам діні әр ұлттың рухани байлығы ретінде қалыптасып ислам дініне сенетін әр ұлттар бірлігін, қиын мәселелерді шешуге және ислам мәдениетінің қалыптасуына әкелді. Осылайша ислам дініне сенетін 10 ұлттың тұрақтауы, бұлар негізі Шыңжаңда өмір сүретін қазақ, ұйғыр, қырғыз, өзбек, тәжік, та-

тар алты ұлт өкілі мен Ішкі Қытайда негіз ететін дүнген, салар, доңшиян, бауан төрт ұлт өкілі. Осы кезден бастап алдында айтылып жүрген дүнгендер ресми түрде жеке ұлт ретінде тұрақтасты, яғни қазіргі кездегі дүнген ұлты болып кейінгі тарихтарда қалды.

Ислам діні Қытайда таралу барысында екі үлкен аймақтық топқа бөлінді. Бірінші топқа жататын ұлттар: дүнген, салар, доңшиян, бауан, бұлардың көбі «теңіз және құрлықтық жібек» жолымен Қытайға кірген саудагерлер, моңғол әскерлерімен кіріп қоныстанып қалған әскерлер, қолөнершілер, тағы басқа саладағылар.

Юань патшалығы кезінде ислам діні билеушілердің қолдауында болды, жергілікті халық пен жергілікті билік арасында қақтығыстар өте аз болған. Миң патшалығының орта шенінен кейін мұсылмандардың өмір сүру жағдайы қиындыққа кездесті, дегенмен бұл дүнгендердің ұлттық бірлігін қалыптастырды, күннен күнге ұлттық негізі нығая түсті және бұған ислам діні негіз болды. Миң патшалығының дүнгендерге діни саясатының өзгеруі нәтижесінде дүнгендер үшін хадиспен, шарифатпен өмір сүруі олардың рухани тіректеріне айналдырды. Мұсылмандар арасында діни уағыздар жүргізу барысы көптеген қиыншылықтарды туындатты, себебі бұдан бұрын ислам діні өз еркімен дамыған және мемлекет қолдауында болған. Бұған қоса ислам дінінің қай бағытын ұстану әлі айқындалмаған, діни мамандарды тәрбиелеудің негізі әлі қалыптаспаған. Қытайдағы ислам діні жойылу қаупінде болды. Бұл кезде діни сабақ беру, қытай тіліне араб тілінен аудармалар жасау қажеттілігі арта түсті, бұл қажеттілік Қытайдағы ислам дінінің бір жаңа қадамға жол басына себепші болды.

Екінші топқа жататын ұлттар негізі Шыңжаңда өмір сүретін қазақ, ұйғыр, қырғыз, өзбек, тәжік, татарлар еді. Бұл аймақтың көлемі өте кең болғандықтан бұл жердегі этникалық жағдайлары да күрделі, бұл жағы көршілес мұсылман мемлекеттердің халқымен, дінімен, экономикасымен, дәстүрімен, тағы басқа да жақтарымен байланысы зор.

Шыңжаңда ислам діні буддизммен қарсылық бағытта саяси күш арқылы тараған. Бұл ұлттардың арасында мұсылман дүнген сияқты ұлттармен салыстырмалы түрде қарағанда, ислам дінінің таралу және дамуының шарттары, мазмұны, әсері жағынан мүлдем басқаша болған.

Жалпы алғанда, ислам дінін қабылдаған 10 ұлт пен қытай арасындағы осы екі үлкен топтың даму барысындағы айырмашылығы өте үлкен болған. Тек Циң патшалығының орта және

кейінгі кезеңінде екі үлкен топтың даму сатысы көлемдік жағынан бір деңгейде болды.

Миң патшалығының соңы мен Циң патшалығының басында исламдық діни әдебиеттің қытай тіліне аударылуы Қытайдағы ұлттандыру барысын тездетті. Бұл жердегі ұлттандыру дегеніміз Қытайда ислам дінін қабылдаған 10 ұлттың ресми түрде мұсылман өкілі болып қалыптасып, дамығанын көрсетті. Осылайша ислам діні Қытайда орын алып, қытайдың дәстүрлі мәдениетіне өзіндік ықпалын тигізді.

Қытай мәдениетінің 5000 жылдық тарихы, ислам дінінің Қытайда таралу барысында мемлекеттік саяси биліктің қолдауында болмауы, ислам дінінің Қытайда таралу барысында Қытай мәдениетінің көп әсерінде болғандығын түсіндірді.

Атап айтсақ біріншіден, исламдық мәдениетте, соның ішінде сәулет өнері, мерекелерді атап өту, салт-дәстүр де Қытайдың дәстүрлі ұлттық мәдениетінің ықпалымен дамыған.

Құрылыс жағынан араб елдері мен Орта Азиядағы мұсылман мемлекеттеріндегі мешіттің төбесі дөңгелекше келіп, азан шақыратын мұнарасымен салынған. Ал Ішкі Қытайдағы мешіттер, мысалы Шиандағы Хуажу сы (化州寺), Нанжиндегі Жинжуе сы (淨觉寺), Бей Жиндегі Ньюже сы (牛街寺), Ланжудағы Чияумын сы (教门寺), Жинандағы Нанда сы (南大寺); ниңшиадағы Инчуан сы (银川寺) тағы басқа да көптеген мешіттер Қытайдың буддалық стилінде салынған, мешіт ішіндегі қабырғалардағы ою-өрнек буддалық стильде салынған. Дәрет алатын үйдің босағасының төбесіне «Ушиян Баудиян (无像宝殿)» деген жазу тақтасы ілулі тұрады, яғни сүрет ілінбейтін қасиетті сарай деген мағына береді [2]. Бұдан Қытай буддизмінің ислам құрылысқа әсерін көруге болады.

Қытайдағы мұсылмандар әр жыл сайынғы ораза айт, құрбан айтты тойлау, құрбан шалу сонымен бірге Пайғамбарымыздың туған күні болған мәуліт мерекесін атап өту әр жерде міндетті түрде жыл сайын өткізілетін мерекелік үрдіске айналған. Осы тұрғыдан алғанда Қытайдағы мұсылмандар мұсылмандық мереке атау жағынан және тойлау дәстүрі жағынан ерекшеленетінде-рін көруге болады.

Қытайдағы мұсылмандардың ислам діні бойынша харам деп санайтын заттарға деген көзқарасы бірдей, ал тіл, аты-жөні, киім киіну, үйлену, жерлеу рәсімдері жағынан Қытайдың дәстүрлік мәдениетінің өзіндік әсерін тигізгендігін көрсетті. Қытайдағы мұсылмандардың ортақ тілі қытай тілі, ал араб тілі көбінесе Құран оқу немесе

намаз оқығанда ғана қолданылады, халық арасындағы сөйлесу тілі емес. Мұсылмандар киім киінуі жағынан қытайлықтармен ұқсайды. Қайтыс болған кісіні жерлеу рәсімі бөлек, қабір қазғанда алдымен терең ор қазады, ордың ішінен қыбыла жаққа қарай үңгір қазып, қайтыс болған кісіні тек ақ шүберекпен орап жерлейді. Осыдан кейін Құран оқылады, қабір безендірілмейді. Қайтыс болған кісінің 7, 40, 100, күнін, жылдық асын өткізеді, бұл жағынан қытайлардың адам жерлеу ықпалы да тиген [3].

Екіншіден, жергілікті этникалық ерекшелік ислам дінінің кең таралуына септігін тигізеді. Тағы бір жағынан қытайдың ру, дау, фо идеологиясын да қабылдаған, осылайша екі үлкен идеологияның «алтындыры» түйіскен, бұдан Қытайдағы ислам дінінің өзіндік ерекшеліктері бар екенін байқауға болады.

Мәселен, Ислам дінінің негізі «Алладан басқа жаратушы жоқ» идеясын алайық, Миң патшалығының соңы мен Циң патшалығының басында Ван Даю және Лю Жи бастаған бірқатар исламтанушылар «Алладан басқа жаратушы жоқ» деген қағиданы қытайлық ру идеологиясындағы «Тай Жи (太極)»-мен байланыстырады. «Тай Жи» идеясы ең жоғарғы шегі дегенді білдіреді, яғни шексіз ұғымын береді [4]. Ал осы шексіздікті жаратқан бір құдыретті жаратушы бар және бұл жаратушы тек бір деп түсіндіріледі, бұл ислам дініндегі «Алладан басқа жаратушы жоқ» дегенмен сәйкес келеді. Ислам дінінің негізгі идеологиясы мен Қытай дәстүрлі ру идеологиясымен сәйкес келуі ислам дінінің Қытайда таралуына, халықтың тездеп қабылдауына себепші болды.

Құдай құдіреттілігі мен патшалық билікті байланыстыру идеясы туралы келер болсақ, ислам дінінде тек бір Аллаға сену керек, ал рулық түсінік бойынша «Сан Ган Ву Чан (三綱五)» – да ата-ана, бауыр туысқанды сыйлау бірінші орында тұрады [5]. Бұл екі идеяны байланыстыру үшін Қытайдағы исламтанушылар тек ата-ананы сыйлап, ал жаратушы Аллаға сенбеу шынайы сенім емес. Ал жаратушы Аллаға ғана сеніп, ата-ананы сыйламау – бұл адам арасындағы арақатынасқа лайықты емес. Сондықтан жаратушы Аллаға сену және бауыр туысқанды шын ықыласымен сыйлау керек дейді, осылайша атеистік бағытты ұстанған Қытай мемлекет билігі мен құдай билігін байланыстырды, бұл да ислам дінінің Қытайда дамып өркендеуіне септігін тигізді.

Жалпы Қытай Халық Республикасында 56 ұлт өкілдері бар, бұлардың ішінде дүнген, ұй-

ғыр, қазақ, доңшияң, салар, бауан, қырғыз, тәжік, өзбек, татар, осы он ұлт ислам дінін қабылдаған. 1990 жылғы санақ бойынша, жалпы Қытайда 17 597 362 адам ислам дініне сенеді, жалпы ұлттың 19,3% құрайды [6]. Ал соңғы 2010 жылғы алынған санақ бойынша Қытайдағы мұсылмандар саны бұдан неше есеге көбейгендігін көрсетті. Олардың қатарына төмендегі ұлттар кіреді.

**Дүнген ұлты.** Қытайдағы дүнгендердің саны 8,6 миллион, көбі ниншиа Дүнген Автономиясында шоғырлана қоныстанған, осымен қоса Хынан, Шыңжаң, Чинхай, Юннан облыстарында ортақ есеппен 500 мыңнан астам дүнгендер бар. Қытай астанасы Бейжиннің өзінде 220 мыңнан астам дүнгендер бар. Дүнгендер ауылды жерлерде негізі ауылшаруашылық, сауда, кішігірім қолөнермен айналысады. Аудандық, қалалық жерлерде аспаздық, тері сауда сияқтылармен шұғылданады. Дүнгендердің ата-бабаларының өздерінің тілі болған, бірақ Юань патшалығының соңында Миң патшалығының басында Қытай жерінде жаңа бір ұлттың яғни «хуэй-хуэй» ұлты қалыптасты, ол қытай тілінің әсері мен қытай тіліне көшті. Қазіргі Хайнан аралығындағы дүнгендер қытай тіліне ұқсамайтын тілде сөйлесе, жазу-сызуда да қытай жазуын қолданғанмен, кейбір сөздері қытай тілінен басқаша болып келеді, бұлар парсы, араб тілдерінен енген.

**Ұйғыр ұлты.** «Ұйғыр» деген сөз бірлік, ынтымақ деген мағына береді. Жалпы Қытайдағы ұйғырлар саны 7,2 миллион, көбі Шыңжаңда мекендеген, өте аз бөлігі Хынан облысының Тауюан, Чанды аудандарында мекендеген.

Ұйғырлар X ғасырдың соңынан бастап ислам дінін қабылдай бастады, араб жазуы негізіндегі ұйғыр алфавитын жасап ұйғыр тілін қолданылады. XV ғасырда ұйғырлар толығымен ислам дінін ұлттық дін ретінде қабылдайды. Ұйғырлардың өлеңдерінің, аңыздарының, әңгімелерінің тәрбиелік жағынан көбі исламдағы жақсылық жасау, жаманнан қашу деген ойларға толы.

**Қазақ ұлты.** Қытайдағы қазақ халқының саны 1,2 миллионнан астам. Қытай қазақтары өздерінің ана тілін, дәстүрлі төте жазуын қолданады. Сонымен қатар олар қытай және ұйғыр тіл-жазуларын да жақсы меңгерген.

Жалпы Қытай Халық Республикасында түркі тілді 7 ұлт, 9 түркі тілі бар. Жер шары қыртысына қарағанда олар шығыс бойынша 74°-126° ал солтүстік ендікте 35°-50° өңірде тұрады. Атап айтатын болсақ, негізінен Қытайдың батыс-солтүстік бөлігіндегі Шыңжаң автономиялы ауданында, Цинхай (Тибет), Ганысу өңірлеріне қоныс тепкен. Бұдан тыс Қытайдың шығыс-солтүстігінде-

гі Хилоңжяң өлкесінің Фуун аудандарында бар. Ал әкімшілік жақтан: Іле Қазақ автономиясына қарасты Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтары, Күйтін қаласы, Сонжы Дүнген облысына қарасты Санжы қаласы, Фукаң, Мори, Мичуан, Құттыби, Манас; Бұратала монғол облысына қарасты Бұратала, Жың, Арасан аудандары; Құмыл аймағының Баркөл Қазақ автономиялы ауданы және Аратүрік ауданы; Үрімжі қаласымен оған қарасты Үрімжі ауданы; Қарамай, Шыңжазы қалаларында орналасқан [7]. Жалпы Шынжаң қазақтарының 3/5 бөлігі малшаруашылығын кәсіп етеді. Ауылшаруашылығы жұмыстары солтүстіктен оңтүстікке қарай дамиды. Мәселен 1958 жылы Қорғастың басты шаруашылығы жүгері дақұлын өсіру болса, кейін ауа райы (климат) қолайлылығы мен су молшылығына орай астық, мақта, күріш өнімдерін өндірген. Ал, Шынжаңның солтүстігіндегі Манас өзені аңғары, Ақсу аңғары және Үліңгір аңғары малшаруашылығымен айналысушы көшпелілер үшін өте қолайлы аймақ болды. Бірақ, 1966-1976 жылдардағы Әсіре солшылдық саясат тұсында бұл жерлер отырықшы аудандар болып ауыстырылды [7].

Ғалымдарымыздың «XIX ғасырдың 60 жылдарынан бастап, қызыл сызықтың арғы жағында қалып қойған Қытай қазақтары әр кезеңдегі Ресейлік-кеңестік теперіштер (XX ғасыр 16-жылы, 20-жылдары, 32-жылы, 37-жылы) тұсында жансауғалап келген қандастарымен қатарын толтыра түсті» – деп атап көрсеткеніндей, Қытайдағы қазақтардың демографиялық өзгерістеріне сол тұстағы көші-қон үрдістері әсер етіп, бірде көбейіп, бірде азайып отырған. Нақтылай түссек, Қазан төңкерісінен кейін Ресейдегі большевиктер билігіне қарсылық көрсеткен ақтардың қарулы күштерінің бір бөлігі қызыл армияның тегеурініне шыдамай, солтүстік Шынжаңға қашып өтеді. Бұлардың кейбіреулері көп ұзамай Шынжаң үкіметі жағынан ақ гвардияшылармен бірге қайтарылған. Дегенмен осы келген бетімен қайтпай, қалып қойған қазақтар Шынжаң қазақтарының санын көбейтті. Бұл туралы демограф ғалым Мақаш Тәтімов өз еңбегінде «Қытайдағы қазақтар саны 550 мыңға тек 1920 жылы ғана жеткен. Себебі азамат соғысы мен кулақтар ылаңы кезінде Қытайға, әсіресе Жетісудан Қазақтар көп ауған» [8], – дейді.

Сондай-ақ азамат соғысының салдарынан 1916 жылы Ресей патшалық үкіметінің Қазақтарды жаппай әскери қызметке алуына байланысты да қазақтар көптеп Шынжаңға қарай көшкен. Бірақ олардың біразы көп ұзамай қайта қайтқанмен олардың талайы қалып қойды.

Көп ұзамай Қазақстандағы қазақтардың, әсіресе, шекара маңындағы тұрғындардың тағы да Қытай асуына тура келді. Ендігі жерде олар «ақ орыс» емес, қайта «қызыл орыс» қысымынан қашуға мәжбүр болды. Бұл жағдай 1920-1921 жылдары және 1931-1932 жылдардағы екі дүркін аштықтың, 1929-1931 жылдары кең өріс алған кеңестік жаппай ұжымдастырудың қатал да қатігез саясатына байланысты еді. Бұл туралы тарихшылар «Голощекиннің жүргізген геноциді 1929 жылдың яғни жаппай күштеп коллективтендірудің алғашқы жылдарында-ақ шекаралық аудандағы қазақтардың Қытай жеріне жұмыла да топтаса қаша көшулерін туғызды» [8, 30-35 бб.] дейді. Демек сол тұста шекаралық аудандармен оларға көрші аудандардағы қазақтар үшін Голощекин зомбылығынан құтылудың жалғыз жолы Қытай және өзгеде шетелдерге асып кету болғанын аңғартады.

Нақты мәліметтерге сүйенсек, кезінде Кеңес Одағы П.П. ОГПУ басшыларының Қазақ өлкелі Партия Комитетіне жолдаған өте құпия мәліметінде 1929 жылы ҚазСР-нің шекаралық аудандарынан Қытайға көшкендер 416 қожалықтары яғни 1845 адам; 1930 жылы 3478 қожалықтары яғни 1931 жылдың сәуір айына дейін Қытай 5,903 шаруалар шаруашылықтары (яғни шамамен 29,566 Қазақ) көшіп кеткен болып шығады. Ал КСРО-ның барлау орындарының дерегі бойынша 1932 жылға дейін Қытайда онда өткен 60 мыңдай Қазақтар тіркелген [7, 275 б.] – деп мәлімдейді Талас Омарбеков. Тағы бір ескерерлік жайт, осы шекаралық аудандарға көрші орналасқан кейбір шекаралық емес аудандарда да Қытайға көшу науқаны орын алған. Мысалы, Алматы және Семей өңірлеріндегі (округтеріндегі) Малайсарыдан 92 қожалық, Шелектен 62 қожалық, Қаратастан 30 қожалық, Күршімнен 11 қожалық 1930 жылы-ақ Қытай асып кеткен [8, 276 б.].

1932-1934 жылдары Кеңес Одағының жүргізген «асыра сілтеу» саясатының кесірінен де көптеген қазақтар тағы да Қытайдың Шынжаң өлкесіне қашып жатты. Олардың жолда аш-жалаңаштық, ауру-сырқаудан опат болғандарынан басқалары Қытайдағы қазақтардың демографиялық өсуіне және бір рет үлкен әсер етті. Бірақ осы тұста, керісінше сондағы қазақтардың шетелдерге жөңкіле көшу үрдісі де байқалды.

Әйтсе де, Қытайдағы қазақ ұлты басқа да аз ұлттар сияқты түрлі үкімет пен кереғарлық саясатының нәтижесінде түрлі қырғындарға ұшырап 40 жылдары тіпті шетелдерде босу әрекетіне ұшырасады. 1940 жылдың кейінгі үш аймақта өріс алған көтерілісте тағы да талай қа-

зақ азаттық жолында қаза болды. Қысым көрген олар қонысын тастап Моңғолия асуға мәжбүр болды. Жоғарыдағыдай түрлі себептерден 1946 жылғы санақта олардың саны шамамен 440 мыңға дейін азайып кеткен [9].

**Доңшияң ұлты.** Бұл Орта Азиядан келген дұңғандар мен ислам дінін қабылдаған моңғолдар болып саналады, бұл ұлттың аты қазіргі кездегі Гансу облысындағы Доңшияң деген жердің атымен байланысты. Бұл ұлт Юан мен Миң империясы тұсында ислам дінін қабылдап және доңшияң тілімен байланыстыра отырып, қалыптасқан жаңа ұлт. Жалды Қытайдағы доңшияң халық саны 3,73 миллион, бұл ұлт та ауылшаруашылықты негіз етеді, кішігірім сауда-саттық жасайды. Доңшияң тілі алтай тілдің моңғол тобына жатады және қытай, араб, парсы сөздері доңшияң тілінде жиі кездеседі. Бірақ өздерінің жазу-сызулары жоқ, қытайдың жазуын пайдаланады.

**Қырғыз ұлты.** Қытайдағы қырғыз халық саны 143 мың, олардың көбі Шыңжаң Қызылсу қырғыз автономиясында қоныстаған, және Іле, Қашқар, Үрімшіде де қырғыздар бар. Хилоң-жиянда да қырғыздар бар, бірақ саны өте аз, бұлар діндік жағынан ламаизмді қабылдаған, тілдік жағынан Шыңжаңдағы қырғыз тілімен айырмашылығы үлкен. Қырғыздардың көбі ауылшаруашылығын негіз етеді. Қырғыздардың қолөнер, ауыз әдебиеті, аңыз әңгіме жақсы дамыған, мысалы қырғыздардың сегіз томдық батырлар жыры – «Манас». Қытай деректерінде қырғыз ұлты туралы ең алғашқы деректер «Шы Жи» атты еңбегінде кездескен.

**Салар ұлты.** Батыс Түрік оғыздардың біртұтасы. Ислам дінін қабылдаған саларлар Юань патшалығы тұсында Самарханды басып өтіп, Қытай жеріне келіп жергілікті тибеттіктер, хань ұлттарымен сіңісіп ислам дінін ұстанып, салар тілін қолданып қалыптасқан жаңа ұлт. Қытайдағы саларлар саны 87 мың, көбісі Чинхай облысы Шунхуа салар автономиялық ауданында мекендеген. Саларлар негізінен ауылшаруашылықпен айналысады, қосымша малшаруашылық және бау-бақша өсіруге шебер. Салар тілі алтай тілдік топтың түрік тобына жатады, өздерінің жазу-сызулары жоқ, қытай жазуын пайдаланады.

**Тәжік ұлты.** Тәжіктердің көбі Қытайда Тосқосқан тәжік автономиялық ауданында қоныстанған, басқа да Шачы, Эчин деген аудандарда қоныстанған. XI ғасырда буддизмнің орнына ислам дінін қабылдайды. Қытайдағы тәжіктер саны 34 мыңнан астам. Көбі малшаруашылығымен қосымша ауылшаруашылықты негіз етеді. Тәжіктердің көпшілігі таулы жерлерде өмір сүр-

гендіктен, әдеби шығармалары бүркітпен көп байланыстырады. Қытайдағы тәжіктердің өзіндік ерекшеліктері, мәдениетті бар.

**Өзбек ұлты.** Өзбек ұлтының қалыптасуы XIV ғасырдың алғы жартысындағы сұлтан Мұхаммад Өзбекханның атымен байланысты. Шыңжаңдағы өзбектер Орта Азиядағы өзбек саудагерлерінің үрім-бұтақтары, Қытайдағы өзбектердің саны 15 мың, көбісі Қашқар, Іле, Хотан, Шачы деген жерлерде шашыраңқы қоныстанған. Бұл өзбектер XVII, XIX ғасырларда Шыңжаңға қоныс аударған, бұлар қоныс аударардан бұрын ислам дінін қабылдаған. Қытайдағы өзбектер төте жазуды пайдаланады, бұлар ұйғыр, қазақтардың ішінде шашыраңқы өмір сүргендіктен, ұйғыр немесе қазақ тілін пайдаланады.

**Бауан ұлты.** «Бауан» сөзі жердің аты, қазіргі Чинхай Тонрын аймағы, тарихта бұл жерді «Бауан» деп атаған, бұлар негізі Юан патшалығы тұсында ислам дініне сенетін моңғол, түрік, дүнген, тибеттіктермен, тағы басқа ұлттармен ұзақ уақыт араласып, ислам дін мен бауан тілін негіз етіп қалыптасқан ұлт. Бауан ұлтының көбісі егіншілікпен айналысады және қолөнер жағынан пышақ жасауға өте шебер. Бұлардың өздерінің жазу-сызулары жоқ, қытай жазуын пайдаланады.

**Татар ұлты.** Қытайдағы татарлар XIX ғасырдың соңында XX ғасырдың басында Кеңес Одағының билігі кезінде қоныс аударғандар. Бұлар Шыңжаңға қоныс аударар алдында ислам дінін қабылдаған. Қытайдағы татарлар саны 5000-нан астам, көбі Іле, Тарбағатай, Үрімші қаласында тұрады. Қалалы жердегі татарлар сауда немесе дәрігерлікпен айналысады, ал ауылды жерлерде ауылшаруашылықты негіз етеді. Татарлардың білімділік сапа жағынан Қытайдағы ұлттардың алдыңғы қатарына жатады. Қытайдағы татарлар аз болғандықтан, әрі шашыраңқы орналасқанына байланысты қазақ немесе ұйғыр жазуын қолданады [10].

2013 жылы Қытай Халық Республикасында тоғызыншы жалпыұлттық халық санағы жүргізілді. Бұл санақ нәтижесінде Шыңжаңдағы халық саны 22 миллион 915 мың 910 адамға тұрақтапты. Бұл жалпы мемлекет жан санының 1,8%-ын құрайды. Ұлттарға шағар болсақ, ұйғыр 46,84%; қытай 45,47%; қазақ 6,5%. Яғни, мұнда **1 миллион 418 мың 278 қазақ қандастарымыз өмір сүреді екен.**

Бүгінде Қытайда 30 мыңға таяу мешіт бар. Оларда 50 мыңға жуық имамдар мен ахундар қызмет етеді. Мұсылмандар шоғырланған ірі елді мекендердің барлығында дерлік Қытай Ислам қауымдастығының бөлімшелері болса, оларда

белгілі мұсылман қайраткерлері жұмыс жасайды. Олардың кейбірі әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік қызмет лауазымдарында.

Қытайдағы ислам дінін қабылдаған аз ұлттардың өзара ынтымақтастықта бірге өмір сүруіне ис-

лам мәдениеті өзінің игі әсерін тигізіп келеді. Қытайдағы мұсылмандар Қытай тарихи сахнасында маңызды рөлдер атқарып келеді. Ислам діні этникалық топтардың өзара сұхбаттастығын қамтамасыз етуші құндылық деуге толық негіз бар [11].

#### Әдебиеттер

- 1 米寿江, 《中国伊斯兰教简史》, 宗教文化出版社 2000年10月–24 б.
- 2 米寿江, 《中国伊斯兰教简史》, 宗教文化出版社2000年10月–190 б.
- 3 Тортаев С.Ә. Орта ғасырдағы шығыс елдерінің тарихы, 108 б.
- 4 长城与民族, 来源: 长城百科全书2005-01-21 // www.xinhuanet.com
- 5 陈中耀, 《阿拉伯哲学》, 上海外语教育出版社 – 254 б.
- 6 陈中耀, 《阿拉伯哲学》, 上海外语教育出版社 – 259 б.
- 7 Бидахмет Мұхайұлы. Төрт би төренің заң-ережелері // Алтай қаласының тарихи материалдары. – Алтай, 1998. – 2 кітап. – 305 б.
- 8 Қытайдағы аз санды ұлттар демографиясы. – Пекин, 1987. – № 2. – 82-92 бб.
- 9 Жаңа дәуірдегі діни қызмет мақалаларынан таңдамалылар. Қытайша. – Пекин: Діни мәдениет баспасы, 1995. – 386 б.
- 10 长城与民族, 来源: 长城百科全书2005-01-21 // www.xinhuanet.com
- 11 米寿江, 《中国伊斯兰教简史》, 宗教文化出版社, 2000年10月. – 328 б.

#### References

- 1 Mi shou jiang, 《zhong guo yi si lan jiao jian shi》 zong jiao wen hua chu ban she. 2000 nian10yue- s.24.
- 2 Mi shou jiang, 《zhong guo yi si lan jiao jian shi》 zong jiao wen hua chu ban she. 2000 nian10yue- s.190.
- 3 Tortaev S.A. Orta gasyrdagy shygys elderininig tarihy. 108 b.
- 4 Chang cheng wei min zu, lai yuan: chang cheng bai ke shuan shou 2005-01-21 // www.xinhuanet.com
- 5 Shen zhong yao 《A la bo zhi xue》, shang hai wai yu jiao yu hua chu ban she– s.254.
- 6 Shen zhong yao 《A la bo zhi xue》, shang hai wai yu jiao yu hua chu ban she– s.259.
- 7 Bidahmet Muhaiuly. Tort bi torining zang-erezheleri // Altai kalasynyng tarihi materialdary. – Altai, 1998. – 2 kitap. – 305 b.
- 8 Kytaidagy az sandy ulttar demographiasy. – Pekin, 1987. – № 2. – 82-92 bb.
- 9 Zhana dauirdegi dini kyzmet makalalarynan randamalylyar. Kytaisha. - Pekin: Dini madeniet baspasy, 1995. – 386 p.
- 10 Chang cheng wei min zu, lai yuan: chang cheng bai ke shuan shou 2005-01-21 // www.xinhuanet.com
- 11 Mi shou jiang, 《zhong guo yi si lan jiao jian shi》 zong jiao wen hua chu ban she. 2000 nian10yue. – S.328.